

Педагогикалық кеңесте бекітілді  
«31» тамыз 2019 жыл  
Мектеп директоры: Генору  
Тюрина Фазила Жаугаштықызы

*Есбол орта мектебінің*  
*2019-2020 оқу жылына арналған*  
**ОҚУ ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

Мектеп ұжымының мақсаты:

Инновациялық әдіс-тәсілдерді менгеруде мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыра отырып, жеке тұлғаға бағытталған білім беру

2019 жыл

## МАЗМУНЫ

Болім	Тақырыбы	Бет номері
1	2018-2019 оку жылы қорытынды талдамалық есеп	3-4
	SWOT талдау	5
	2019 -2020 оку жылының негізі мақсаты мен міндеттері	6-7
	Мектептің 2019-2020 оку жылындағы негізгі статикалық ақпараттар	8
2	Мектеп жасындағы балларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту	9-13
	Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары. Ыстық тамақпен қамтылуы іс-шаралар жоспары.	14-22
3	Ата-аналар комитетінің жоспары	23-27
4	Педагогикалық кеңес жоспары	29-30
	Директор жаңындағы кеңес жоспары	31-32
	2019-2023 біліктілікті арттыру болжам жоспары	33-34
	2019 – 2020 оку жылында аттестаттаудан өтетін педагогикалық қызметкерлер туралы мәлімет	35
	Есбол орта мектебінің оку-тәрбие жұмысының 2018-2019 оку жылындағы қорытындысы	36-41
	Әдістемелік кеңес жоспары	42-43
	2019-2020 оку жылындағы өткізетін апталықтар кестесі	44
	«Жігер» жас мамандар жоспары	45-47
	«Жалын» ғылыми орталығының жылдық жұмыс жоспары	49-50
	2019-2020 оку жылында үйымдастырылған ақылы, ақысыз үйірмелер туралы мәлімет	51-54
5	2019-2020 оку жылына арналған әскери-патриоттық тәрбие беру жоспары	55-56
	Мектепті басқару циклограммасы	57
	Жылдық циклограмма	58-59
	Кітапхананың жылдық жоспары	60-69
	Тәрбие жұмысы бағытда жасалған жоспар	70-101
6	«Жас Ұлан» бірінғай балалар мен жасөспірімдер үйымының жоспары	102-115
	«Қызғалдақтар» қыздар үйымының жұмыс жоспары	116-119
	«Азамат» үлдар үйымының жоспары	120-121
	«Бәйтерек» әкелер қоғамының жұмыс жоспары	122-123
	2019-2020 оку жылы бойынша жалпы білім беретін Есбол орта мектебінің окушылары, ата-ана және педагогикалық ұжыммен жүргізілетін психологиялық жылдық жоспары	124-140
	7	Мектепшілік бакылау жұмыс жоспары
Өндірістік жиналыстар жоспары		152
Әкімшілік – шаруашылық жұмыс		153

*Атырау облысы Махамбет ауданы Есбол орта мектебінің жылдық жұмыс жоспарының құрылымы*

**1-ші бөлім**

Оқу жылы қорытындыларының педагогикалық талдауы.  
Жаңа оқу жылының міндеттері.

*Оқу жылдың қорытындыларының педагогикалық талдауы. Жаңа оқу жылдың міндеттері.*

Қаралатын мәселелер:

- ❖ Басқару және бақылау бойынша мектеп әкімшілігінің қызметі, педкенестер қызметі;
- ❖ Педагог кадрлармен жұмыс жағдайы, олардың кәсіби деңгейі, аттестаттау қорытындылары;
- ❖ Әдістемелік жұмысты талдау, оның нәтижелері;
- ❖ Ата-аналармен жұмыстың жағдайы;
- ❖ Бітірушілердің қорытынды аттестациясымен қоса мектепішілік бақылаудың барлық түрінің қорытындылары бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларының деңгейін талдау;
- ❖ Өз отанының азаматын тәрбиелеу бойынша педужымның қызметі, мектептегі моральдық-\*психологиялық климат;
- ❖ Сабакқа қатысу статистикасын талдау;
- ❖ Мектептің оқу-материалдық базасын нығайтуды, оны қаржыландыруды талдау және т.б

Білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру – Тұңғыш Елбасымыздың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы халқымыздың ежелгі арманы «Мәңгілік ел» биікке жетер жолды анықтап, алда атқарылар межелі істерді белгілеп берді.

Қазақстанның қуатты мемлекет болып қалыптасуының негізі – білім беру жүйесі. Білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет – білім сапасын арттыру деп білемін. Осы орайда тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев : «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына енү үшін заман талабына сай білім қажет.» Мектебімізде заман талабына сай жеке тұлғаның дамуына, жан жақты рухани қалыптасуына ықпал ету бағытында оқутәрбие жұмыстары өз жемісі беріп келеді. Мәселен, биылғы оқу жылының қорытындысы бойынша 1-11 сыныптар арасында 125 оқушы білім алды. Оның үздігі 40, екпіндісі 39 болып, 63,2 пайыз көрсеткіш көрсетті. Мектеп ұстаздарының 90 пайызы жаңартылған білім мазмұны бойынша курстан өтті. Жыл ішінде мектебімізде Қазақ тілі бойынша «Тіл татулық тірері», География, Өзін-өзі тану апталықтары, Тарих пәні бойынша «Тәуелсіздік белесі – ұлы арман кемесі», «Менің елім Қазақстан» тақырыбында тәрбиелік шаралар, сонымен қатар жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша «Зерде» интеллектуалдық сайысы, шет тілдері бойынша «Полиглот», бастауыш сыныптары арасында Қобыланды батыр жырларын жатқа айтуда сайыстары, «Табиғатты аялайық», «Кітап біздің досымыз» деген бағытта сынып сағаттары жәнеде «Зорлық зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ауылымызды мекемелер «Айгүл» бөбек-жайы, Есбол селолық клубы, Есбол орта мектебі ұжымы мен ауыл жастары болып өткізген «Қош келдің Әз-Наурыз!» мерекесі ауылымыздың салт-дәстүрін, ата-жұрттымымыздың ұлттық санасын қайта түледі.

Біз әрдайым жас өспірімдердің шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарай олардың одан әрі дамуы мен қабілеттерін іске асыруына жағдай жасау бағытында жаңа педагогикаларды сабакта қолданамыз және солбағытта шығармашылық жұмысымымызды жандандырып жүрген мұғалімдерімізде бар. Аудандық «Словесник-2018» байқауында орыс тілі пәні мұғалімі Сатқанбай Жазира Алғыс хатпен марапатталса, Республикалық педагогтар арасында өткен «Үздік ашық сабак» байқауынан Иманқұлова Айнұр I дәределі дипломмен, Педагогикалық окудан Мендиғалиева Гүлвира, Зинуллина Майра, Мусаева Анар ауданнан I дәрежелі, облыстан I,II дәрежелі дипломмен марапатталды. Сонымен қатар, көптеген мұғалімдеріміз «Білген бәйге» жоба жетекшісінің Құрмет грамоталарымен марапатталып, аудандық, облыстық байқаулардан орын алып мектебіміздің мерейін жоғарлattы.

Бұгінгі күннің талабы – оқушыны білім бәсекелестігіне бейімдеу. Осы бағытта дарынды оқушыларды ғылыми жоба жұмыстарына дайындауда шығармашыл мұғалімдердің шәкірттері жетістікке жетуде. Атап айтсақ: Жасөспірімдер арасында өткен «Зерде» ғылыми жобалар сайысынан Айбекұлы Эльдар I дәрежелі, Әділ Ержан I дәрежелі дипломмен марапатталып, облысқа жолдама алды. Сондай-ақ Аудандық пәннік олимпиададан ағылшын тілінен Нығмет Атабек II орын, Бағытжанова Жансұлу биология пәнінен III орын, тарих пәнінен Төлеп Мейірлан Алғыс хат, Жаңабай Нұрлы III орын, география пәнінен Әйіпов Уәлихан I орын, математика пәнінен Ҳасан Бағдат II орын, қазақ тілінен Таңатар Нұрдана III орын, қазақ тілінен Досымбек Данагұл III орын,

математика пәнінен Болат Ерасыл Алғыс хат, ағылшын тілінен Жолдасова Аяулым алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Нұр-Сұлтан қаласында откен бастауыш сынып оқушыларына арналған қашықтық олимпиададан Айбек Елдар, Женісбек Дамир қазақ тілінен I орын, математикадан Нұрадым Айдина, Оңайша Гүлжан, Қайратқызы Асма I орын, математикадан Нұрлан Гүлсезім II орын, Қадыrbайқызы Бекайым III орынмен, Аудандық бастауыш сынып оқушылары арасында өткен «Бастау» математикалық турнирінен Оңайша Гүлжан I орын, «TALENT AKADEMY» ұжымының қолдауымен өткен дарынды оқушылар байқауында «Табиғатты аялайық», «Жазамын мен көркемдеп», «Мен-гарышкер боламын», «Саусағынан бал тамған» номинациялары бойынша Ерболқызы Гүлбақыт, Әділұлы Бейбіт, Өтеген Бекдәulet, Әлібекқызы Dana, Айбекұлы Елдар, Женісбек Дамир, Нұрлан Гүлсезім, Кенжегалиқызы Ақерке, Теміржан Жарасым, Оңайша Гүлжан сынды оқушылар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Абай оқуларынан Саламатқызы Алина, Төлеп Мейірлан, Жолдасова Аяулым Алғыс хатпен, «Ақберен», «Тәуелсіз елдің ұландары» байқауларынан Төлеп Мейірлан III орынмен марапатталды. «Табиғатты аяла» облыстық форумынан 9 сынның оқушылары командалық есепте Алғыс хатпен, жеке құрамда Саламатқызы Алина I орын алып, республикалық кезеңге өтіп отыр. Жәнеде Болат Ерасыл мен Төлеп Мейірлан сынды оқушыларымыздың мақалалары Ұлан газетінде жарық көрді. «Білге»халықаралық инновациялық шешімдер орталығының ұйымдастыруымен өткен олимпиадада мектебімізден көптеген оқушылар қатысып, аудандық, облыстық, республикалық кезеңдерден жүлдерді орындармен марапатталды.

2018-2019 оқу жылында жалындаған мектеп түлектері бүгінгі күн сіздер үшін ерекше күн. 11 жыл бойы өздеріңізге тәлім берген ұстаздарыңыз, зымыраған жылдар легінде сіздердің білімдеріңізді кеңейтті, бойыңызды қатайтты. Сендер мектебіміздің мерейін өз жетістіктеріңізбен асқақтаттыңыздар! Енді міне бүгіннен бастап салмағы ауыр жауапкершілік жүгін арқалап, Туған ауылыңыздың өркендеуіне үлес қосу үшін аттанар сәттеріңізге келіп жеттіңіздер. Сіздерге сенім білдіре отырып, ақ жол тілеп, «Сәт сапар түлектер» дегім келеді.

Мектебіміздің оқу тәрбие жұмысын жүйелі түрде ұйымдастырылуы мұғаліммен қатар, қазіргі білім алушы, оның ата-анасындағы үш жақты берік ынтымақтастық нәтижесінде даму үшін әркім өз үлесімізді қосуға міндеттіміз. Сол себепті алдағы жылға сенімді көзқараспен, айқын мақсатпен, нақты қадамды бірге жасайық дегім келеді. Сынып комплектісі 9+МАД. Мектебімізде 32 мұғалім жұмыс жасайды, оның 29 – Жоғары білімді, 3 арнаулы орта. Жоғары санатта-2, бірінші санатты-8, екінші санатты-12, жай санатты-11. Жаңартылған білім мазмұны бойынша сынныптарға сабак беретін мұғалімдер 90 пайзызы курстан өтті. Жаңартылған білім мазмұны бойынша 1-3,5-8 сынныптар оқытылып, жалпы мектептің сапасы 63,2% құрады. Кадр мәселеесі бойынша орыс тілі, технология (ұлдар), математика пәндерінен мамандар қажет.

## SWOT

### Жақсы жақтары

- 1) Білім сапасы көтерілді
- 2) Кәсіби өсу бағыттарында тәрбие және оқу дағдыларын арттыру үшін каучингтер өткізілді.
- 3) Әріптердердің жеке критерилер бойынша жұмыс жасау қарқыны өте жақсы.

### Әлсіз жақтары

- 1) Каучингке әріптердердің қатысуы аз.
- 2) Спорттық сайыстар АӘД рейтинг төмен.
- 3) Тізбектелген сабактар топтамасының жүргізілуі аз.

### Мүмкіндіктер

- 1) Ұжымдық ортақ мақсатта жұмыс атқаруға мол мүмкіндік бар.
- 2) Педагогтар біліктілік деңгейіне білім алушылармен жұмыс жасауға мол мүмкіндіктері бар.
- 3) Ауыл мектебі болғандықтан ата-аналармен өзара байланыс жасауға

### Қауіп -қатер

- 1) Кадр жетіспеушілігіне байланысты, мұғалімдердің қосымша жүктемесінің артуы көп кедергі.
- 2) Мектепте соңғы 5 жылда кадр тұрақсыздығы.
- 3) 7-11 сыныптарда оқушы санының аздығына байланысты, оқушылардың іріктеліп қалуына байланысты (7-11 сыныптарда жақсы оқитын оқушылар 6-сыныпты аяқтап қала мектептеріне теренде оқу үшін кетуіне байланысты және жас жанұялардың көшіп кетуіне байланысты) оқушыларда бәсеке бағытталған оқу төмен.
- 4) Психологиялық зерттеу, анализ жүргізу қарқыны мұғалімдерге (3-жыл) зерттеу жүргізу.
- 5) Мектепшілік бақылаудың толық қанды жүргізілуіне сыртқы тексеріс, сыртқы бақылаулар, кедергі.
- 6) Семинарлардың кей кездері қатарласып, бір уақытта өтетін мезгілде сабак процесі толық қанды өтпейді.  
( Себебі: сол күні кем дегенде 2 және 3 мұғалім кетсе, олардың сабагы және қосымша сабагы өтпей қалады.)

**2019 – 2020 оку жылындағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі тақырыбы:**

**«Білім сапасын арттыруда инновациялық әдіс-тәсілдерді оқу үдересіне енгізуді жалғастыра отырып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу»**

**«Жаңартылған білім беру аясында қалыптастыруша бағалауды жүзеге асыру»**

#### **МАҚСАТЫ:**

Инновациялық әдіс-тәсілдерді менгеруде мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыра отырып, жеке тұлғаға бағытталған білім беру.

#### **МІНДЕТІ**

- Оқу мен оқыту үдерісіне өзгерістер енгізе отырып, оқушының өз бетінше білім алудың үнемі ықпал жасап отыру.
- Инновациялық әдіс-тәсілдерді менгерту мақсатында мұғалімдерді деңгейлік, тақырыптық, әдістемелік курсардан өтулеріне мүмкіндік жасау.
- Білім сапасын арттыру жолында мектепішілік бақылауды күшайту.

#### **КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:**

- Бәсекеге қабілетті тұлға жетіліп, тәрбиеленеді.
- Мұғалімдердің үздіксіз білім жетілдіру нәтижесінде заман талабына сай жаңа әдіс – тәсілдерді менгерген шығармашыл ұстаз қалыптасады.

## 2019-2020 оқу жылындағы міндеттер

Мектепте 2018-2019 оқу жылында атқарылған әдістемелік жұмыстарына жасалған талдаулар негізінде оқу-тәрбие жұмысындағы кемшіліктерді жою, әдістемелік жұмыстарды жетілдіру мақсатында 2019 – 2020 оқу жылына басым бағыттар белгіленіп, оны орындау мақсатында төмендегідей міндеттер қабылданды:

- ❖ Білім беру сапасын арттыру мақсатында пән сабактарында интерактивті оқыту технологияларын кеңінен пайдалану;
- ❖ Мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмысын жандандырып, озат тәжірибелерді ақпараттандыру, насиҳаттау;
- ❖ Тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік білім беру стандартын, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру, жұмыстарын ұйымдастыру;
- ❖ Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында сыныптан тыс үйірмелер, спорттық секциялар жұмысын жандандыру;
- ❖ Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету, өзара кәсіби бәсекелестік орнату;
- ❖ Сабак үдерісінде оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында көшбасшылықты дамыту;
- ❖ Мұғалімдердің оқушылар білімдерін бағалауда объективтік принципін ұстауға бағыттау;
- ❖ Жеке оқушымен жұмысты жетілдіру жолдарын қарастыру;
- ❖ Мұғалімдерді зерттеушілік, шығармашылық жұмыстарға баулу, ынталандыру.
- ❖ Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмыстарының деңгейін көтеру;
- ❖ ОЖСБ-ға, ҰТБ-ға жан-жақты дайындық жүргізу;
- ❖ Оқушылардың білім сапасын арттыру, олардың дарындылығын айқындаپ, біліміне, ойлау қабілетіне ықпал ететін интеллектуалдық шараларды өз дәрежесінде ұйымдастыру;
- ❖ Оқушылардың шығармашылық және ізденіс жұмыстарына негіз салу, өзін-өзі дамыта, өз бетімен білім ала алатын оқушы тұлғасын қалыптастыруда жаңа технологияларға сүйене отырып жұмыс жасау;
  - Денгейлік курстан өткен мұғалімдер бірлестік мүшелеріне тәлімгерлік жұмыстарын жүргізуді жалғастыру арқылы пәнді оқыту әдістемелерінің жоғарлылауына көмектесу.
- ❖ Ғылыми жобаларға дайындық, перспективалық жоспар құра отырып, ғылыми кеңесші тағайындалап, белгіленген тақырыппен жұмыстану, оқушы бағыттау, іздендіру шараларын қолға алу;
- ❖ Ата – аналар, жергілікті мекемелермен ынтымақтастықты нығайту.
- ❖ Мектеп әкімшілігі мен ата-аналар міндетті мектеп формасымен оқушыларды қамту туралы шешімдерді басшылыққа алып орындау
- ❖ Жаңартылған бағдарлама бойынша 1-10 сыныпқа арналған жаңа үлгілік оқу жоспарын басшылыққа алып, бастауыш мектеп оқушыларының тындалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын және функционалдық сауаттылығын арттыру
- ❖ 1-10 сыныптарда қалыптастыруши бағалауды жүргізу

Мектептің 2019-2020 оқу жылындағы негізгі статистикалық ақпараттар.

*Сапалық мінездеме:* Мектеп –*типтік*, 250 орынға арналған .Мектепте 20 сынып кабинеттері бар. Оның ішінде интерактивті тектамен жабдықталған 9 кабинет бар, лингафон кабинеті ( орыс тілі мен әдебиеті) және физика жана бағыттағы кабинет бар. Былғы жылы биология кабинеті сұраныста тұр. Соның ішінде оқу кабинеті – 14, шеберхана – 1, акт залы – 1, асхана – 1, медицина кабинеті – 1 , гимнастика -1, атамекен-1, мұғалімдер бөлмесі-1, мұрағат-1.

Мұгалімдердің жалпы саны 30 (қосымша үақытша – 2 қызметкер жұмыс жасайды. Бірі музыканың білім арнаулы орта, жоғарғы санатты, екіншісі шағын орталық тәрбиешісі білім арнаулы орта, санатсыз)

- ❖ МАД тәрбиешісі-2
- ❖ Кітапхана-1
- ❖ Психолог-1
- ❖ Тәлімгер-1

## Білімі бойынша

## Жоғарғы білімді- 27

Арнаулы орта- 1

## Санаты бойынша

---

- ❖ Жоғары санатты – 3 Педагог-зерттеуші - 4
- ❖ 1-санатты- 1 Педагог- сарапшы-7
- ❖ 2 – санатты – 5 Педагог – модератор - 5
- ❖ Санатсыз- 5

- ❖ Барлық оқушы саны- 133 , оның бастауыш – 68, 7-9 сыныптар 52, 10-11 сыныптар - 13. МАД - 17, Мектеп-2001 жылы берілген.
- ❖ 11 сыныпты 7 оқушы оқиды .

<b>2-ші бөлім</b>	Білім беру мекемесінің ақысыз жалпы бастауыш, негізгі, орта білімді алуға бағытталған қызметтің ұйымдастыру.
<b><i>Білім беру мекемесінің ақысыз жалпы бастауыш, негізгі, орта білімді алуға бағытталған қызметтің ұйымдастыру</i></b>	
Қызметтің негізгі бағыттары:	
<ul style="list-style-type: none"> <li>❖ Мектеп Жарғысының бекітілген балалар құқықтарын жүзеге асыру бойынша іс-шаралары;</li> <li>❖ Жалпы білім алуға бала құқығын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар;</li> <li>❖ Балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру;</li> <li>❖ Оқушылардың сабакқа қатысуын есепке алу тәртібі;</li> <li>❖ Балалар жаракаттануын және ауруын алдын-алу;</li> <li>❖ Микроаудан бойынша балалардың есебінің мерзімі мен тәсілдері;</li> <li>❖ Жеке оқу жоспары бойынша үйде оқытылатын ауру балалармен жұмыс, мектепте қажетті санитарлық-гигиеналық жағдайларды жасау, кезекшілік ұйымдастыру</li> <li>❖ Психологтік-медикалық-педагогикалық комиссиямен мектептің біріккен жұмысы;</li> <li>❖ Болашақ бірінші сынып оқушыларымен жұмысты жоспарлау;</li> <li>❖ Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша іс-шаралар.</li> </ul>	

## **МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ ОҚУМЕН ҚАМТУ**

Барлық мектептің ең негізгі міндетті мектеп жасындағы баларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту. Яғни, мектепке қарасты мөлтекауданда тұратын 1-18 жас аралығындағы барлық балаларды тіркеуге алу, мектеп жасындағы оқушыларды 100% пайыз оқуға тарту жұмыстарын жүргізу. Мектептің оқу-тәрбие жұмыстарында осы тарауға ерекше мән беріледі. **баларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту барысында** бізге әр түрлі әлеуметтік категориядағы отбасы баларымен жұмыс жасауға тұра келеді. Нақты тоқталар болсақ, олар- денсаулығы нашар, жетім, жартылай жетім, әлеуметтік жағдайы төмен, сәтсіз отбасының балалары. Сол сияқты мектепалды даярлық тобы, оқушыларды мамандыққа баулу, оқушылардың ыстық тамағын және олардың тасымалдануын дұрыс ұйымдастыру сияқты жұмыстар да қамтылады. Педагогтардың ауыл, аудан әкімшілігі, құқық қорғау, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарымен бірлесе жұмыс жасау қажеттілігі туындаиды.

Негізгі бағыттары:	Қашан?	Кім?
● Мөлтекаудандардағы бала санын анықтау. Оқушылар контингентін қалыптастыру. Оқушылар қозғалысын қатаң бақылау. Оқушыларды тасымалдау.	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
● Жетім, жартылай жетім, әлеуметтік жағдайы нашар, көп балалы және сәтсіз отбасы балаларымен жұмыс.	Жыл бойы	Мектеп психологы, сынып жетекшілер
● Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру.	Қыркүйек Қаңтар	Тәрбие ісі орынбасары
● Балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз ету.	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
● Оқушыларды мамандыққа баулу бойынша жұмыс. Еңбекпен қамтылуын бақылау.	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
● Денсаулығы бойынша тіркеуде тұратын оқушылармен жұмыс.	Оку жылы ішінде	Медбике, мектеп психологы

**Мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен  
қамту**

<b>№</b>	<b>Атқарылатын жұмыстар</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>
1	Мектеп бойынша 0-17 жасындағы оқушылар есебін шығару, мектепке оқу жасындағы балалардың тартылмай қалуын болдырмау мақсатында мөлтек аудандар бойынша балалардың есебін алу	Қыркүйек-мамыр	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары: Коржықбаева Самал
2	КР-ның «Білім туралы Заңын» басышылыққа ала отырып, 1-ші сыныпқа және мектепалды дайындық топтарына қабылданатын оқушылардың іс-қағаздары мен денсаулығы жөніндегі күжаттарды қарап қабылдау	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
3	9-сынып оқушыларының еңбекке орналасуы	Қыркүйек	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары МА Байғалиева А
4	«Мектепке жол» акциясын өткізу	Тамыз-қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Коржықбаева Самал, мектеп психологы Саликова Эльза Әлеуметтік педагог МА Темірханова Марина
5	Жетім, жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар тізімін анықтау және олармен жұмыс үйімдастыру	Қыркүйек	ДТІЖО Коржықбаева Самал Әлеуметтік педагог МА Темірханова Марина мектеп психологы Саликова Эльза
6	Денсаулығына байланысты үйден оқытын балаларды анықтап, оларға үйден оқуды үйімдастыру	Қыркүйек	Мектеп психологы Саликова Э Медбике Дюсипова Б
7	Мектепке келген, кеткен оқушылардың іс-қағаздарын реттеу.	05.09.2016ж. дайін	ДОО м.а Байғалиева А Сынып жетекшілері
8	5 жастағы балаларды мөлтек аудандар	15.08-	Даярлық тобы

	бойынша мектеп алды дайындық сыныптарына тарту.	01.09.19 ж	жетекшілери
9	Оқушыларды оқулықпен қамтамасы ету	Қыркүйек	Мектеп кітапханашысы Сұлтанова Азиза
10	Мектепті бітірген тұлектерді еңбекпен қамтамасыз ету тізімін жасау	Қыркүйек	ДОО м.а Байғалиева А сынып жетекшілери
11	Мектепте 1-11 сыныптар оқушылары, тұрмысы төмен, көп балалы отбасынан шыққан, жетім, қамқоршылықтағы балалар үшін ыстық тамақ беруді ұйымдастыру	5.09 дейін	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Коржықбаева С мектеп әлеуметтік педагог м.а Төреғалиева А медбике Дюсипова Б
12	Ата-аналар ашық есік күнін ұйымдастыру	Қазан, сәуір	Мектеп әкімшілігі Өзін-өзі тану пәні мұғалімдері
13	«Мектепке жол» акциясын өткізу	Тамыз, қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
14	Оқушылардың сабакқа қатысуын күнбек күн бақылап отыру	Оқу жылы бойына	Тәлімгер Батырғалиева Г, сынып жетекшілери
15	Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан аса мұқтаж 1-11 сынып оқушыларын әлеуметтік қорғау және материалдық қолдау көрсету	Жыл ішінде	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог м.а Темірханова М
16	«Қамқорлық» акциясын ұйымдастыру	Жыл іші	Мектеп әкімшілігі
17	Үйден оқытын оқушылармен жүргізілетін сабактардың сапасын тексеру	Қараша	Мектеп директоры Тюрина Ф ДОО м.а Байғалиева А
18	Келген-кеткен оқушылардың қағаздарын түгендеу	Ұнемі	Оқу ісі менгерушісі Мектеп хатшысы
19	Жағдайы төмен жанұядағы балалардың жағдайын тексеру және оларға көмектін дұрыс жүргізуін тексеру	Қантар	ДТО Коржықбаева С Мектеп психологі Саликова Э Әлеуметтік педагог м.а Темірханова М
20	Мектептің гигиеналық-санитарлық талаптарының орындалуы	Ақпан	Медбике Дюсипова Б
21	Оқушылардың уйірме, факультативтік сабактарға қатысын бақылау	Ақпан, сәуір	Мектеп әкімшілігі Хасанова А.

			Сынып жетекшілері
22	Оқушылардың іс-қағаздарын реттеу, Үлгерім құжаттарының мерзімінде сауатты толтырылуын қамтамасыз ету	Үнемі	Сынып жетекшілері Іс жүргізуші
23	Пәндер бойынша бағдарламаның орындалуын бақылау	Жыл ішінде	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
24	4-ші сынның оқушыларының педагогикалық, психологиялық жеке карталарын жасау	Мамыр	Сынып жетекшілері психолог
25	11-ші сынның оқушыларымен жаңа форматты ҰБТ құжаттарын толтыру жөніндегі практикалық сабактар өткізу. ҰБТ ережелерімен таныстыру	Казан Сәуір	Хасанова А Саликова Э
26	Қазақстан Республикасы білім беру үйімдарының оқушыларын көшіру, қорытынды аттестациялау және бітіру туралы ережемен таныстыру мақсатында ата-аналар жиналышын өткізу	Мамыр	Мектеп директоры
27	Тоқсандық жылдық жиынтық бағалау жұмыстарын жүргізу	Казан Желтоқсан Наурыз Мамыр	Мектеп әкімшілігі Мектеп үйлестірушісі Қозыкешов Е
28	Кітапханаға оқулықтарды тапсыруды үйімдастыру. Оқу жылының аяғында мектептің оқулық қорының сақталуына талдау жасау	Мамыр- маусым	Кітапханашы, пән мұғалімдер
29	Кәсіптік бағдар оқу орындарымен байланысмен олардың ата-аналарына арналған стенд ақпараттарын ілу	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
30	Жалпыға міндетті білім беру бойынша жұмыстың талдауы, келесі оқу жылына жалпыға міндетті білім беру бойынша жұмысты үйімдастыру жөніндегі ұсынымдар	Мамыр - маусым	Мектеп әкімшілігі

**Есбол орта мектебіндө оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту  
бағытында 2019 – 2020 оқу жылына ариалған іс-шаралар жоспары**

P/C	Іс – шаралар атауы	Мерзімі	Орындауға жауапты
1	Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі №198 бүйріғына 6 қосымшасының мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын басшылыққа алып аталған бүйріқтың 9 тармағына көрсетілген құжаттарды қабылдау	29.08	М.Темірханова Сынып жетекшілер
2	Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсанындағы № 717 бүйріғын басшылыққа алу	Жыл бойы	Мектеп медбикесі
3	Мектеп асханасының дайындығын қадағалау	1 қыркүйекке дейін	Мектеп медбикесі
4	Ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың тізімін жасақтау	29.08	М.Темірханова Б.Дюсипова
5	Күнделікті таңертең мектеп медбикесі ыстық тамақтың сапасын тексеру, соған күнделік жүргізу	Үнемі	Мектеп медбикесі
6	Оқушылардың күнделікті тамақтануына жауапты	Үнемі	Сынып жетекшілер

Есбол орта мектебі

**Әлеуметтік педагогтың 2019-2020 оқу жылына арналған  
жылдық жұмыс жоспары**

Жоспарды жасақтаған: А.Төреғалиева

БЕКІТЕМДН:  
Есбол орга мектебінің директоры  
Ф.Тюрина  
«09.01.2019» 2019 жыл

Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары  
2019-2020 оку жылы

**Мақсаты:** Мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамкорлығының калған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, көпбалалы отбасы балаларын, жартылай жетім және оралман оқушылармен әлеуметтік колдау жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқышылығы бар және қын, құқық бұзуга бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Әлеуметтік педагогтың ата-анамен жүргізілетін жұмыстары

Әлеуметтік педагогтың қызметі балалардың дамуы мен оны қоргауды қамтамасыз ету заңына негізделген. Әлеуметтік педагог сонымен қатар өз қызметінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңын, басқа да нормативтік актілермен күжаттарды, басшылыққа алады. Қоғам мен отбасы, бала тұлғасы жүйесіндегі аралық келістіруші бола отырып, тәрбиеленушінің қалыптасуына, балалар мен ересектер арасындағы гуманистік, рухани-адамгершілік қарым-қатынастарға ықпал етеді.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспарын құру;</li> <li>- «Қамкоршылық» кенесінің құрамын, жоспарын бекіту.</li> </ul> <p><i>Сынып жетекшілермен жұмыс</i></p>	Тамыз	Әлеуметтік педагог
2.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Мектепке келген оқушыларға әлеуметтік диагностика жасау;</li> <li>- Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинау;</li> <li>- Әлеуметтік қамкорлықтағы оқушыларды окулықпен қамтамасыз ету;</li> <li>- Мектеп асханасынан арендатор есебінен тегін ыстық тамакпен қамтамасыз</li> </ul>	<p>Қыркүйек 1 апта</p> <p>2 апта</p>	<p>Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер</p> <p>Кітапхана</p>

	етілетін оқушыларды анықтау;			кызметкерлері
	- Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасын және картотекасын жасау;	3 апта		
	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тұл жетім, жартылай жетім балалар тізімі;</li> <li>• Көп балалы отбасы балалар тізімі;</li> <li>• Оралман оқушылардың тізімі;</li> <li>• Үйде оқытылатын оқушылар тізімі;</li> <li>• Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының тізімі;</li> <li>• Тәртібінде ауытқуы бар оқушылар тізімі.</li> <li>• ҚББ сарапшыларға осы мағлұмattарды тапсыру.</li> </ul>		Асхана кызметкерлері	
3.		4 апта		Әлеуметтік педагог
		<b>Қазан</b>	Әлеуметтік педагог	
		1 апта		
		2 апта	Сынып жетекшілер	
	- Оқушыларға жүргізілген диагностикалық жұмыстың нәтижелерін сыйып жетекшілермен таныстыру;	3 апта		Тәлімгерлер
	- Мектеп әкімшілігімен және сыйып жетекшілермен бірлесе КР «Баланың құқығы туралы» заңы мен БҮҮ «Баланың құқықтары туралы» халықаралық конвенцияны талқылау;			
	- Әр сыйыпқа әлеуметтік диагностикалық куәлік (паспорт) жасау;	4 апта		
	- Балаларды қорғау бүршішін үйімдастыру			
4.				
		<b>Оқушылармен жұмыс</b>		
	- Мектеп оқушыларының коршаган ортасының дамуына бақылау мониторингін жасау;	<b>Қараша</b>	Әлеуметтік педагог	
	- Оқушылардың әлеуметтік ортасын (отбасы, әлеуметтік ортасы және қызығушылығы) диагностикалау және отбасын анықтау мақсатында анкеталар жүргізу (8-11 сыйыптар арасында).	1 апта		
		2 апта		
		<b>Отбасымен жұмыс</b>		
	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Әлеуметтік қамқорлықтагы балалардың тұрғын-жайын зерттеу актілерін жүргізу;</li> <li>- Оқушылардың отбасылық жағдайын талдау және мониторингін құру;</li> <li>- Ата-аналар жиналыстарына катысу;</li> <li>- Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау.</li> </ul>	3 апта	Әлеуметтік педагог	
		4 апта	Сынып жетекшілер	
5.				
		<b>Тоқсан сайын</b>		
		<b>Желтоқсан</b>	Әлеуметтік педагог	

- СПИД күніне байланысты іс-шаралар ұйымдастыру;
- Әлеуметтік педагог, пән мұғалімдері, психологтар, сынып жетекшілермен және әкімшілікпен кеңесе отырып біркатаар іс-шаралар өткізу;
- Отбасы жағдайы төмен оқушыларға материалдық колдау көрсету (транспортта тегін жолақымен қамтамасыз ету);
- Жаңа жылдық шыршага әлеуметтік камкорлықтагы оқушыларды сыйлықпен қамтамасыз ету.

**Әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмысы**

1 апта	Директордың тәрбие ісі
2 апта	жөніндегі
3 апта	орынбасарлары
4 апта	

6.

- Әлеуметтік педагог пен психологтің отбасына және сынып жетекшілеріне кеңестер беру;
- Оқушылармен.әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу және кеңестер беру;
- Ата-анасының камкорлығынсыз қалған балаларға, отбасында киын жағдай орнаган оқушылардың ата-аналарына, оқушыға және киын және құқықбұзуга бейім оқушылармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу;
- Үйде оқытылатын оқушылардың ата-аналарымен кездесу және әлеуметтік педагогикалық жұмыстар атқару;
- «Мен және жанұям» тақырыбында 7 сыйныптарға семинар сабак өткізу.
- «Мектеп-отбасы-бала» мониторингін құру
- Дарынды және үлгерім төмен оқушылармен әлеуметтік педагогикалық және психологиялық жұмыстар жүргізу

**Киын және құқықбұзуга бейім оқушылармен жұмыс**

Қантар	Әлеуметтік педагог
Үнемі	Сынып жетекшілер
Тоқсанына 1 рет	Психологтар
Үнемі	
2 апта	
3 апта	
4 апта	
Үнемі	
Ақпап	
Үнемі	
1 апта	
2 апта	

- Мектепшілік есепте тұратын киын және құқықбұзуга бейім оқушылардың тізімін анықтау және әлеуметтік жұмыстармен тұрғын жай актін жүргізу;
- Қолайсыз отбасыларды анықтау және рейд жүргізу;
- Білім беру мекемелері мен КТЖБИ қызметкерлерімен оқушылар арасындағы құқықбұзушылықта алын алу масқатында бірқатар іс-шаралар ұйымдастыру;

**Оқушылардың дамуына әлеуметтік педагогикалық жұмыс**

- 10-11 сыйнып оқушылар арасында өзін-өзі тануды және қадағалауды дұрыс қалыптастыруға әлеуметтік педагогикалық дәрістік сабактар өткізу;
- 9 сыйныптар арасында кәсіптік мамандық таңдауына әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізу;

3 апта	
4 апта	

7.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Жасөспірімдер арасында қылмысты болдырмау мақсатында кездесулер үйімдастыру;</li> <li>- 7-8 сыныптар арасында әлеуметтік диагностикалық жұмыстар жүргізу және анализ жасау;</li> <li>- Оқушылардың әлеуметтік картасын толтыру үшін сынып жетекшілерінің материал жинауына көмек көрсетеу.</li> </ul>	Наурыз 1 апта	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Әлеуметтік педагог
8.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Әлеуметтік көмекті қажет етегін оқушыларға «Қамкорлық» акциясын үйімдастыру;</li> <li>- 5-6 сынып оқушыларының әлеуметтік қызығушылығын анықтауға әлеуметтік диагностика жұмыстарын жүргізу;</li> <li>- 11 сынып оқушыларымен ҮБТ-га дайындық жұмыстарын және әлеуметтік бейімделу диагностикасын жасау; - Ата-аналардың қатысуымен «Ата-ана бакыты – бала» атты тәрбиелік шара өткізу;</li> </ul>	Сәуір 1 апта 2 апта 3 апта	Әлеуметтік педагог Сн. Жет. Тәрбие ісі жөніндегі орын.
	<p><b>Әдістемелік үйімдастыру жұмыстары</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Әдістемелік оку құралдарын жинақтау (ата-аналарға, сынып жетекшілерге және оқушыларға арналған жадынама);</li> <li>- Мектепшілік педагогикалық кеңестерге қатысу;</li> <li>- Қалалық, облыстық семинарларға қатысу;</li> <li>- Білім көтеретін курстарына бару;</li> </ul>	4 апта	Әлеуметтік педагог
9.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- 9-11 сынып оқушыларымен жеке кәсіби бағыттау жұмысын жүргізу;</li> <li>- Сынып жетекшілеріне педагогикалық көрсеткіштердің қорытындысындағы кемшіліктерді түзетуге ұсыныстар жасап кеңес беру;</li> <li>- Келесі оку жылында кемшіліктер жібермеу үшін мектептің өткен оқу жылындағы қызмет жұмыстарын талдау;</li> <li>- Жаңа оку жылының ата-аналары жиналышында тақырыптар құру;</li> <li>- Жазғы демалыс лагерлерін үйімдастыру және ата-аналармен кездесу;</li> <li>- Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс інтижесінің қорытынды есебін жасау.</li> </ul>	Жыл бойы Жыл бойы Мамыр 1 апта Унемі 2 апта 3 апта 4 апта	Әлеуметтік педагог Әлеуметтік педагог

## Әлеуметтік – педагогикалық қызметтің құрылышы

Бұлардың бірлескен қызметі төмендегідей:

- Отбасына әлеуметтік –психологиялық көмек көрсету;
- Отбасы мен балаларға дәрігерлік, психологиялық, педагогикалық кеңес беру;
- Балаларды күйзелтетін даулы мәсслелерді шешуге көмектеседі;
- Мінезінде ауытқушылығы бар адамдарға психологиялық және диагностикалық коррекция жасау;
- Профилактикалық шаралар ұйымдастыру

### Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары:

Әлеуметтік педагогтың ата-аналармен жұмысы, отбасы – жасөспірімдерді әлеуметтендірудегі оте маңызды институт. Бұл баланың дамуы мен жеке өмір сұру ортасы. Ол мынаң олшемдермен анықталады: әлеуметтік –мәдени, әлеуметтік –экономикалық. Осыған орай әлеуметтік педагогтың ата-аналармен жүргізілетін жұмысы аса маңызды болып саналады. Ол отбасында жағдайлар туралы толық мәлімет ала отырып, бала тәрбиесіне байланысты ата-аналармен ынтымақтаса, оларға кәсіби педагогикалық көмек көрсетеді. Педагог пен ата-аналың үнемі ынтымақтаса отырып, әр кезеңде атқаратын міндеттің бірі қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік педагог отбасы тәрбиесінің үлгісі, ондагы тәжірибесіне сүйенеді; оны жан-жакты зерттеп, жинақтап таратады; онды ой-пікірлерді қүштейді, Сондыктан:

- мұғалімдер мен ата-аналардың өзара сенімділік қарым-қатынастары онды бағытталған, бірігіп ықпал етудің шешуші және алғашқы шарты болып табылады. Ата-аналардың тәрбиеге көзқарасын жандандырып, табысқа жетуге қажеттілік және өз күшіне сенімділік тудыру үшін дұрыс байланыс орнатудын мәнін зор.
- Әлеуметтік педагогтың негұрлым маңызды міндеттің бірі ата-аналарды педагогикалық білім дағдыға, оның теориялық және практикалық ықылымдарын менгеруіне, әсіресе тәрбиені ұйымдастыру шеберлігіне жетілдіру болып табылады. Жұмыла педагогикалық әрекет етудің мұндай нәтижесі ата-аналардың өз баласына ғана емес, сонымен катар біртұтас сынып оқушыларын тәрбиелеу белсенділігіне әкеледі. Әлеуметтік педагог пен ата-ана әрпітестер ретінде бірін-бірі толықтырады.

Әлеуметтік педагогтың отбасымен бірлесе әрекет етін ұйымдастыруы мына мүмкіндіктерді тудырады:

- Өз балалары мен сынып оқушыларын тәрбиелеуде этнопедагикалық потенциалын анықтау мақсатында отбасы мен туыскандарын зерттеу;
- Өз балалары мен сынып оқушыларын тәрбиелеуге қажетті ата-аналардың адамгершілік, әлеуеттік мүмкіндіктері принципіне қарай отбасыларын топтарға бөлу;
- Халықтық педагогика дәстүрлері негізінде әлеуметтік педагог пен ата-аналардың бірлесе әрекет ету бағдарламасын жасау;
- Өзара тәрбие қызметтің ағындағы және ақырғы нәтижелерді зерттеу;

Отбасыларды 5 топка болуға болады:

1. Жоғары адамгершілік этномәдени қарым-қатынастары отбасылар. Салауатты өмір салты, моральдық, атмосфера қалыптаскан, балалар өз кабілеттерін дамытуға толық мүмкіндік алатын отбасылар
2. Ата-аналардың қалыптасқан ережеге сәйкес қарым-қатынаста болуымен сипатталатын отбасылар. Бірақ олар тәрбиенің онды бағытын қамтамасыз ете алмагандықтан педагогтың коніл аударуына мәжбүр.

3. Дау жаңжалмен өз қарым-қатынастарын реттей алмайтын, балаларына қоңыл аудармайтын отбасылар. Мұндай отбасының дау-жанжалы қөп уақытка созылып, баланың азғындығына, мінез ауытқушылығына апарып, отбасын тастап шығуға мәжбүр етеді. Оку үлгерімі нашар болып, сабактан қашалы.

4. Сырттай сау көрінетін отбасы. Бірак іштей рухани азғындық жайлаған шынайы адамгершілік құндылықтары жок, ұрпақтың сезімталдық касметі бұзылған. Бұл отбасыларынан шықкан кейір жасоспірімдер өз отбасының сыртқы «бейнесін» жақсы көрсете білетіндіктен, мұндай балалармен тәрбие жұмысын жүргізу аса киындықта түседі.

5. Калыптасған (жағдайы нашар) отбасылар, дау-жанжалды, бейморальді мінез-құлықта, сotкарлық, қатыгездік орын алған. Баланы қорғау үшін әлеуметтік педагогтың мұндай отбасына үнемі қоңыл аударып отыруы, қогамдық ықпал көрсетуді немесе белсенді араласуы қажет.

Әлеуметтік педагог ретінде жыл бойы ата-аналармен мынадай шаралар ұйымдастыру ұсынылады. Мектептің жалпы ата-аналар конференциясында «Тұлға калыптастырудың құқықтық тәрбиеге байланысты отбасының ролі мен қызметі» тақырыбында шаралар өткізу (форматына шектеу қойылмайды).

Кіріктірілген, яғни мектептегі шараларларға өз тарапынан өзге мамандармен атқарылатын шараларда, республикалық «Сенін құқығын – менің құқығым» атты онкүндікте ата-аналар арасында құқықтық ағарту және акпараттандыру іс-шаралары, соның ішінде конвенцияның қагидаларын, еліміздегі балалар жағдайын жақсарту үшін жасалып жатырған іс-шаралар жөнінде түсініктерін молайту мақсатында «Сенін құқыктарын мен міндеттерін», «Отбасы қарым-қатынастар үндестігін қалай құруға болады? атты сұхбат сағаты жоғары сыйып оқушыларының ата-аналарының қатысуымен;

«Үйдегі бақытка бөлөнген бала – бақытты бала» атты дөңгелек үстел бастауыш сыйып оқушыларының ата-аналарымен;

Еліміздің тәуелсіздік мерекесінің тойлануына орай «Тәуелсіздік – ел дәүлеті» атты ауылдағы мекемелер арасында кездесу сағатын өткізу;

Онда әр мекемеден қатысуши топтар салт-дәстүрден көрініс, тәуелсіздікті бейнелейтін композиция құру, сұрак-жауап тапсырмаларын орындау жұмыстарын ұйымдастыру;

Әр сыйныптың оку жылы басында сайланған ата-аналар комитеті мүшелерімен де жұмыстар жүргізу;

Олармен бірге «Өрлей бер өркениетке, осер елім!» атты кездесу сағатының мақсаты ата-аналардың мектеппен байланысын жақсарту, ата-аналар комитетінің жұмыс жүйесін жетілдіру, әрбір шара барысында ата-аналарға балага тәрбие берудегі жауапкершіліктерін жетілдіру мақсатында көмек ұйымдастыру, яғни түрлі тапсырмалар беру;

Сәуір айында мектепте «Отбасы мен мектеп бірлігі, болашақ ұрпақ тірлігі» тақырыбында ата-аналар апталығы жоспарға сай өткізу;

Апталық барысында ата-аналарға «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» КР. кодексі таныстырылып, ата-аналардың қатысуымен «Ата-ана бақыты – бала», «Үнемдей білу – қажеттілік», «Еңбек – ер атандырады», «Ынтымақты сыйып» атты тәрбиелік шаралар, сыйистар өткізу;

Сонымен катар, корғаншылыққа, қамкоршылыққа алынған балалардың ата-аналарына азқамтылған, көпбалалы жандя статусына жаткызылған ата-аналарға түрлі профилактикалық, ағарту жұмыстарын өткізу;

Ондай ата-аналарды ауыл әкімшілігімен анықтап, бекітіп, ондай отбасыларды әлеуметтік қорғау құқыктарымен таныстыру;

Ата-анамен жұмыс және одан күтілетін нәтиже:

1. Ата-ананың бала тәрбиесінде жауапкершілігін арттыру;
2. Ата-ана бала құқығын, өз құқыктарын қорғауды пайдалануда кәсіби сауаттануы;
3. Ата-ананың психологиялық, педагогикалық түргыдан сауаттылық деңгейінің жоғарылауы;
4. Ата-ананың мектеппен, сыйыппен қарым-қатынасының жақсаруы;

Баланың зиянды әдәттерден аулақ болуына жауапкершілігі жоғарылауы, яғни ата-ана баласына салауатты өмір салтын үнемі насиҳаттауы.

Әлеуметтік осал топ санаттары:

- ✓ жетім бала (балалар) – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) кайтыс болған бала (балалар);
- ✓ Ата-аналарының (ата-анасының) камкорлығының қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен дең танылуына, кайтыс болған дең жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген дең танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын отеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқыктары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алушан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамкоршылығы болмаган және Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өз құқыктары мен мүдделерінің қажетті корғалуын қамтамасыз етуге мүктәж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамкорлығынан айрылған бала (балалар);
- ✓ Жартылай жетім бала- ата-анасының бірі кайтыс болған бала;
- ✓ көпбалалы отбасы – құрамында бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаган баласы, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру үйімдарын бітіретін үақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйімдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы; патронат – жетім балалар, ата-аналарының (ата-анасының) камкорлығының қалған балалар корғаншылық немесе қамкоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен баланы (балаларды) тәрбиеге алуға тілек білдірген адам жасайтын шарт бойынша отбасыларға патронаттық тәрбиеге берілетін тәрбие нысаны;
- ✓ Аз қамтылған

Асп алатын отбасы балалары

Күн –коріс деңгейі төмен отбасы балалары

- ✓ Толық емес отбасы (ажырасқан, не әкесі, не анасы тәрбиелеп отырса, күйеуі немесе әйелі кайтыс болып баланы бір ғана адам тәрбиелеп отырса, занды некеде тұрмай, бала босанған болса, егер тек некені мешітте ғана киып, некесі АХАЖ бөліміне тіркелмеген болса, бала туылған жағдайда ол да толық емес отбасы болып саналады. Ал, азamatтық неке туралы занд елімізде мүлде қарастырылмаған. Мұндай некеде тұрып бала босанса да, ол да толық емес отбасы болып есептеледі)
- ✓ Мүгедек бала – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік корғау қажеттігіне әкеп соктыратын, ауруларға, мертігүлерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұракты бұзылып, деңсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам;
- ✓ Даму мүмкіндігі шектеулі бала- деңсаулығында белгілі-бір аурулығы дәрігерлік қорытындымен расталған, дамуында шектеулері бар бала
- ✓ Тұрмысы жайсыз отбасы - кәмелетке толмағандардың ата-анасы немесе занды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту, бағып-куту жөніндегі өз міндеттерін орында майтын және (немесе) олардың тәртібіне теріс ететін отбасы;

<b>3-ші бөлім</b>	Білім беру мекемесін басқару. Ата-аналармен жұмыс
<b>Білім беру мекемесін басқару. Ата-аналармен жұмыс</b>	
Негізгі бағыттары:	
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мектепті басқару құрылымы;</li> <li>• Мектеп кеңесінің жұмысын жоспарлау;</li> <li>• Мектептің әкімшілік қызметкерлері арасында функционалдық міндеттерді бөлісу;</li> <li>• Ата-аналармен жұмысты жоспарлау;</li> </ul>	

Ата-аналармен жұмыс .

---

### Есбол орта мектебінің 2019-2020 оқу жылындағы жалпы ата-аналармен жұмыстың қорытынды хабарламасы

#### Ата-аналар комитеті туралы ереже

##### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Бұл ереже жалпыға орта білім беретін орынның өзін-өзі басқару үйімі болып саналатын №10 орта мектебінің ата-аналар комитетінің іс-әрекетін жария етеді.

1.2. Ата-аналар комитеті туралы ереже мектепшілік ата-аналар жиналысында қабылданады және құрылтайшылардың келісімі және мектепшілік бұйрықтың шешімі төнірегінде бекітіледі.

1.3. Ата-аналар комитетін төраға басқарады. Ата-аналар жиналысын өткізуге мүшелері жауапты болады. Ата-аналар комитетінің жұмыс жасау мерзімі-1 жыл

1.4. Ата-аналар комитетінің жұмысының жүйелі жасалуын бақылау үшін мектеп директорының орынбасары мүшесі болып бекітіледі.

1.5. Ата-аналар комитетінің жұмысы БҰҰ-ның Баланың құқығы туралы конвенциясымен, КР Білім туралы заңы, білім беру үйімдарындағы типтік ережелермен, мектеп жарғысымен және жалпы ережелермен байланысты болады.

1.6. Ата-аналар комитетінің шешімі ұсыныс ретінде беріледі. Ата-аналар комитетінің міндетті түрде орындалатын шешімі тек қана мектепті қалыптастыру мақсатында құрылған бұйрықпен байланысты болады.

1.7. Ата-аналар комитетінің негізгі міндеттері.

- № 10 орта мектебінің әкімшілігімен бірге оқу процесін реттеп қалыптастыруда жағдайлар жасайды

- оқушылардың өмір қауіпсіздігі және денсаулығы, жеке тұлғаның еркін дамуы, оқушының қызығушылығының заң жүзінде коргалуы, мектепшілік іс-шаралардың үйімдастырылуы мен өткізуі

- Ата-аналармен жұмысты үйімдастыру, оқушының құқығын және баланың жан-жакты дамуындағы отбасының жағдайы.

## **2.Ата-аналар комитетінің қызметі**

2.1.Оку процесін ұйымдастыруды қалыпты жағдайлар жасау(окулықпен қамтамасыз ету,көрнекі –құралдар дайындауға көмектесу)

2.2. Әр сыйнаптағы ата-аналар комитетінің іс-әрекетін жүйелеу ,бакылау.

2.3.Ата-аналар арасында түсіндіру және ұсыныс беру жұмыстарын ұйымдастырады.

2.4. Мектепшілік іс-шараларды ұйымдастыруды ата-аналардың мектеппен байланысын нығайту

2.5.Мектептің жаңа оку жылына дайындығына қатысу

2.6.Мектеп әкімшілігімен бірге дұрыс тамақтанумен дәрігерлік қызметті бақылайды

2.7.Мектеп әкімшілігіне мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысын өткізуге көмектеседі

2.8.Өз тараптаратына түсken ұсыныс ,сұрақтарды қарастырады.Мектеп басшысының нұсқауымен осы ережеде көрсетілген комитет құзырындағы мәселелерді қарастырады.

2.9.Комитет құзырына кіретін мектепшілік сұрақтарды қарастырады.

2.10. Оку процесіндегі қауіпсіздік шарттарын іске асыруға,ұйымдастыруға санитарлық-гигиеналық ережелермен талаптарды сактауға қатысады.

2.11.Мектеп өмірінің қалыптасу дәстүріне байланысты үтіт насиҳат мәселесімен басқа қоғамдық ұйымдармен байланыс жасайды

2.12.Кәмелетке толмағандардың арасындағы тәртіпбұзушылық,бакылаусыздық,қараусыздық пен қылмыстың алдын алу мәселесі бойынша мектептің педагогикалық колективімен байланыс жасайды.

2.13.Комитет құзырына жататын мектепшілік іс-шаралар өткізу және басқа мәселелер бойынша мектептің өзін-өзі басқару, басқада ұйымдармен байланыс жасайды.

2.14. Жалпы оқуға қамту қорынан бөлінген қаражатты бөлуде байланыс жасайды.

## **3.Ата-аналар комитетінің құқығы**

Осы ережеде айтылған комитеттің құзырына сәйкес төмендегідей құқықтары бар  
-мектептің әкімшілігіне,өзін-өзі басқару ұйымдарына ақпараттар жөнінде нәтиже алу,оларды қарастыруға ұсыныс жасау  
-басқа мекемелермен ұйымдарға түсініктеме беруге  
-мектеп әкімшілігінен және өзін-өзі басқару ұйымдарынан ақпарат алу немесе оны тыңдау  
-сыныптардың ата-аналар комитетінің шешімдеріне сәйкес оқушылардың ата-аналарын өз отырыстарына шақыру  
-отбасындағы бала тәрбиелеудегі кемшіліктері үшін ата-аналарға сын айту  
-мектепшілік және т.б іс-шараларды өткізуге көмектесіп,белсенділік танытқан ата-аналарды марапаттау  
-өз қызметтерін іске асыруда комитет мүшелерінің жетекшілігімен тұрақты және уақытша комиссияларды ұйымдастыру  
-ішкі актілерді құрастыру және қабылдау  
-комитет құзырына жататын педагогикалық кеңестің жеке отырыстарына өзін-өзі басқару ,басқа ұйымдардың мәселелеріне байланысты отырыстарға комитет төрайымы қатыса алады.

## **4.Ата-аналар комитетінің жауапкершілігі**

Комитет

- жұмыс жоспарының орындалуына
- комитеттің ұсыныстары мен шешімдерінің орындалысына
- мектеп әкімшілігімен ата-аналар арасындағы отбасылық және қоғамдық тәрбие жөніндегі өзара түсіністік мәселелерін қалыптастыру
- қолданылатын заңнамаларға сәйкес сапалы шешімнің қабылдануына
- комитеттің жеке және барлық мүшелерінің әрекетсіздігіне
- ата-аналар комитеті төрағасының ұсынысы бойынша комитет жұмысына қатыспаған мүшелері, сайлаушылардың шешімімен орнынан алынуына жауап береді

### **5.Жұмысты ұйымдастыру**

- 5.1. Комитет құрамына әр сыныптан бір ата-ана кіреді. Жыл баясындағы өтетін ата-аналар жиналысындағы өкілдер комитетке сайланады.
- 5.2. Комитеттің сандық құрамы өз еркімен анықталады.
- 5.3, Өз құрамынан комитет төрағасы сайланады (санына байланысты төрағаның орынбасарларымен, хатшылары сайланады)
- 5.4. Комитет мектеп директорының келісімімен жасалған жұмыс жоспарымен қызмет етеді
- 5.5. Комитет өз жұмысы жөнінде жылына екі рет жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысында есеп береді
- 5.6. Комитет отырысқа қатысқан тең жарты мүшелерімен шешім қабылдай алады. Шешім көпшілік дауыс арқылы қабылданады.

### **6.Іс-жүргізу**

- 6.1. Комитет жалпы білім беру мекемелеріндегі іс-жүргізу нұсқауларына сәйкес жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының және өз отырыстарының хаттамаларын жүргізеді
- 6.2. Хаттамалар электронды түрде теріліп жазылады, мектеп кеңесінде сақталады.
- 6.3. Комитеттегі іс-жүргізу жауапкершілігі комитет төрағасына немесе хатшыға жүктеледі.



Бекітімін: *Хисамбет* Ф. Тюрина

2019 жыл

2019 - 2020 оқу жылында Есбол орта мектебінің ата-аналар комитетінің жылдық жұмыс жоспары

ОТД  
2019

№	Жұмыс мазмұны	мерзімі	жауапты	нәтиже
1	1. Өткен оқу жылдың қорытындысы, жаңа 2019 - 2020 оқу жылдың міндеттері. 2. Ата - аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту. 3. « Өз балаңа үлгі бол! » баяндама	қыркүйек	мектеп әкімшілігі  мектеп психологы	хаттама.  фото
2	1. Окүшыларды мектепке қабылдау, оқыту және шығару тәртіптері. 2. Мектеп ережелерімен таныстыру. Окүшылардың үйлерін аралау. 2. Ағымдағы мәселелер.	қыркүйек  қазан	мектеп, әкімшілігі, сынып жетекшіліктері,  ата-аналар комитеті	акпарат
3	1. Мектептегі аз қамтамасыз етілген, тұрмысы төмен отбасы балаларын анықтау, жұмыстар жүргізу . 2. Ағымдағы мәселелер.	жыл бойы	ТЖО, психолог, ата- аналар комитеті	акпарат. фото
